

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТИ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

050013, Алматы к., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1
төл.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АЛМАТИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
050013, г.Алматы, ул.Байтурсынулы, 126/1
төл.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

ХАТТАМА

«16» 04 2020 ж./г.

№ 3

ПРОТОКОЛ

**АЭжБУ базасында
«Телекоммуникациялар» және Инженерия
және инженерлік іс» даярлау бағыттары
бойынша оқу-әдістемелік бірлестік отырысы**

Төрайымдық етті – С.С. Сагинтаева, АЭжБУ ректоры;
Катысқандар: ЖБТ ОӘБ 47 мүшесінің 32-сі.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. ОӘБ секциясының қызметін бақылау. *Баяндамашы* – ЭЖЭЖК кафедрасының доценті *М.В. Башкиров*.
2. Басқа ЖОО ОӘБ отырыстарына қатысу. *Баяндамашы* – *ОӘБ төрагасының орынбасары С.В. Коньшин*.
3. Жоғары білім мәселелері бойынша конференцияларға, семинарларға және кеңестерге қатысу. *Баяндамашы* – *ОӘБ төрагасының орынбасары С.В. Коньшин*.
4. Бекітілген бағыттар бойынша дайындықты жүзеге асыратын жоғары оқу орындары арасында студенттердің Республикалық пәндік олимпиадасын үйімдастыру және өткізу. *Баяндамашы* – АБ кафедрасының менгерушісі *И.А. Федоренко*.
5. ОӘБ бекітілген бағыттары бойынша ҚР жоғары оқу орындарында техникалық ғылымдар бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық конкурсын үйімдастыру және өткізу. *Баяндамашы* – *FKD директоры Д.Ж. Джексенбинов*.
6. Әртүрлі
Кәсіби стандарттар негізінде әзірленген жаңа білім беру бағдарламаларын бекіту. *Баяндамашы* – *АМД директоры Р.Р. Мухамеджанова*.

1. ТЫНДАЛДЫ: ректор С.С. Сагинтаева, ол барлық қатысушылармен амандастып, «Телекоммуникация» және «Инженерия және инженерлік іс»

000385

дайындық бағыттары бойынша РОӘК ОӘБ кезекті отырысының күн тәртібін жариялады.

Сауле Саветовна қатысушылардан күн тәртібі бойынша ұсыныстар немесе тілектері бар ма деп сұрады. Барлығы бір ауыздан күн тәртібін бекіту туралы дауыс берді. Бекітілгеннен кейін жұмысқа кірісті.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: ЭЖЭЖК кафедрасының доценті М.В. Башкиров, «ОӘБ секциясының қызметін бақылау» мәселесі бойынша.

Өз сөзінде ол жоба кезеңдерін қамтитын «Энергетика, телекоммуникация, ғарыштық инженерия бағыттары бойынша білім беру бағдарламасының үлгісін әзірлеу» жобасының жарғысы бойынша жұмыс жоспарына сәйкес 6B07102 «Электр энергетикасындағы энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін Smart технологиялармен басқару және интеграциялау» жана білім беру бағдарламасын әзірлеу бойынша жұмыстар жалғастырылғанын хабарлады.

2020 жылдың наурызында Ганта диаграммасы бойынша «Күзыреттілік үлгісі. Модульдер мен оқыту нәтижелерінің тізімі» кестесі құрылды. Ресурстық қамтамасыз ету бөлігінде ББ іске асыру бойынша білім беру ұйымдарының мүмкіндігін негіздеу үшін «Қосымша» қалыптастырылды, онда осы ББ үшін зертханалық стендер, жабдықтар және ақпараттық - техникалық қамтамасыз ету тізбесі келтірілген.

Жұмыс кестеден аздал озып жүріп жатыр, сөуір айына жоспарланған «Модульдердің спецификациялары» әзірленді.

М.В. Башкиров «Электр энергетикасындағы энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін Smart технологиялармен басқару және интеграциялау» ББ-да қолданылатын кәсіби стандарттарға қысқаша талдау жүргізді.

С.С. Сагинтаева-М.В. Башкировтың мәлімдемесіне қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде кейбір қындықтар туралы айтты. Атап айтқанда, бұл кәсіптік стандарттардың өмірлік циклінің аз мерзімі (3 жыл), білім беру бағдарламаларын тұрақты әзірлеу және жаңарту, бұл барлық кәсіби стандарттар білім беру бағдарламаларын жаба алмайды.

Ол бекітілген кәсіби стандарттарға бағдарлауды, міндетті түрде талқылауды және жұмыс берушілермен келісуді ұсынды, өйткені университет еңбек нарығы үшін мамандар дайындейді.

Сауле Саветовна ОӘБ мүшесінің баяндамашылары мен кеңеске қатысушылар ақпаратты жалпы қабылдау үшін мүмкіндігінше көрсетілім арқылы баяндама жасауларын тіледі, өйткені ақпараттық күжаттар есту арқылы әрдайым қабылдана бермейді. Ректор Михаил Владимировичке алғыс айттып, осы баяндама бойынша кімде сұрақтар немесе тілектер барын сұрады.

З.Б. Ракишева - Кәсіби стандарттарға ғана емес, сонымен қатар осы бағыт бойынша өте жоғары рейтингі бар шетелдік жоғары оку орындарына бағдарлауды ұсынды.

С.С. Сагинтаева - Жақсы тілектері үшін Зауре Баяновнаға алғыс айтты. Өз кезегінде ректор егер энергетика, телекоммуникация және

ғарыштық инженерия бағыттары бойынша бекітілген кәсіби стандарттар болмаса, онда КР кәсіби қауымдастырының пікірі мен қорытындысына бағдарлануы тиіс екенін айтты. Біздің білім беру бағдарламаларымызды және ОӘБ секциясының жұмысын кәсіби қауымдастықтармен міндетті түрде келісуді ұсынды. Бірақ, әрине, шетелдік жоғары оқу орындарының озық тәжірибесі жойылмайды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: РОӘК ЖБТ - ОӘБ электр энергетикасы секциясының қызметі макулдансын.

2. ТЫҢДАЛДЫ: ректор С.С. Сагинтаева келесі баяндамашы АЭжБУ Академиялық қызмет жөніндегі проректоры С.В. Коньшинді ұсынды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: АЭжБУ Академиялық қызмет жөніндегі проректоры С.В. Коньшин, «Басқа ЖОО ОӘБ отырыстарына қатысу» мәселесі бойынша.

Ол қатысушыларға IT бағыттары бойынша мамандықтар мен білім беру бағдарламалары бойынша ХАТУ-да РОӘК ОӘБ-ның өткен отырысы және оған біздің университет өкілдерінің қатысуы туралы ақпарат берді.

Бағдарлама бойынша қызықты сұрақтар талқыланды. Мысалы: «Бекітілгеннен кейін және тізілімге қосқаннан кейін мынадай сұрақ туындаиды: РОӘК ОӘБ рөлі қандай? ББ бекіту ме әлде тексеру ме?»

С.В. Коньшин, мұнда жоғары оқу орындарының өкілдері жиналғанын пайдалана отырып, оларға бұл туралы ойлауды ұсынды. Сонымен қатар, талқылау және жұмыс берушілермен келісу - бұл жұмыстың тек басы ғана екенін атап өтті. РОӘК ОӘБ білім беру бағдарламасының сапасы мен мазмұнына жауап беретінін түсіну маңызды. Сондай - ақ қандай да бір пәнді ұсыну немесе ұсынбау туралы шешім қабылдау керек. ХАТУ-да біздің тұлектеріміздің өздерінің құзыреттіліктері бойынша ББ талқылауы болды. Ол ХАТУ-дың кейбір даулы мәселелерін айтты, мысалы: КС бар болса, КС-да жазылған құзыреттіліктерді талқылаудың қандай мағынасы бар. Бірақ, IT-да мұндағы қажеттілік пайда болды. Сондықтан КС-да не жазылғанын және құзыреттіліктің қаншалықты дұрыс қалыптасқанын уақыт өте келе тексеруді ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Ақпарат мәліметке алынсын.

3. ТЫҢДАЛДЫ: ректор С.С. Сагинтаева, «Жоғары білім беру мәселелері бойынша конференцияларға, семинарларға және кеңестерге қатысу» мәселесі бойынша.

Ол ақпан айының сонында екі министрлердің қатысуымен БФМ мен ЕХӘҚМ министрліктерінің бірлескен отырысына қатысқанын айтты. Ректор біздің РОӘК ОӘБ-ның КС негізіндегі ББ үлгісінде жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

Оз сөзінде ол ЖБТ-ОӘБ жұмысының неден тұратынын, нақтырақ айтқанда КС-ға негізделе отырып, ББ қалыптастыру немесе кәсіби қауымдастықтардың пікірі мен қорытындысын айтып өтті. Ректор білім беру бағдарламаларын кезең-кезеңмен қалыптастыру процесін айтты. Бастапқы кезеңде академиялық комитеттер құрылады, оған ОПҚ-дан басқа серіктестер мен жұмыс берушілеріміздің өкілдері кіреді. ЖБТ-ОӘБ отырысында академиялық комитет білім беру бағдарламаларының мазмұнын анықтайды және бағалайды. ББ макулдағаннан кейін Комитет тізлімге енгізуге ұсыныс немесе рұқсат беру үшін Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығына жібереді. ЖБТ-ОӘБ негізгі қызметі – бұл талқылау және шешім қабылдау: қаншалықты сапалы, оның қаншалықты жүзеге асырылуы мүмкін, оның осы ЖОО-да ресурстары (материалдық және адами) қаншалықты бар.

Қызығушылық танытқан тұлғалар енді тек академиялық емес, сонымен қатар кәсіби қоғамдастық болғандықтан, ректор бұл процеске міндетті түрде білім алушыларды, атап айтқанда магистранттар мен докторанттарды оқу процесінде оқу пәндерін қайталамау немесе құзыреттілікті қайталамау үшін енгізууді ұсынды.

Жиын сонында ректор біздің ОӘБ-ның жұмыс тәжірибесі жоғары бағаланып, одан әрі мысал ретінде трансляциялау үшін ұсынылғанын айтты.

Сауле Саветовна келесі отырыста РОӘК ОӘБ жұмысы бойынша вебинар өткізуді ұсынды.

З.Б. Ракишева - Болондық даму мен академиялық мобильділіктің ББ қарауындағы рөлі формалды белгі бойынша ма?

С.С. Сагинтаева - Болондық даму және академиялық ұтқырлық орталығы ресми белгі бойынша ғана емес, сонымен қатар «Атамекен» сияқты рейтингтік ұйымдармен де қарастырылады. Эрине, Болондық даму және академиялық ұтқырлық орталығы да ББ мазмұнына жауап береді, бірақ көбінесе олар КС-мен, яғни оқыту нәтижелерімен сәйкес келеді.

ББ мазмұны мен сапасын РОӘК ОӘБ анықтайды, өйткені ғылым мен технология жылдам даму үсінде, жұмыс берушілер ЖОО-ның зертханалық базаларын жаңартуға көмектесулері қажет, бірлесіп пайдалану зертханаларын құрулары мүмкін. ЖОО-ға жұмыс берушілерсіз, олардың қолдауынсыз жалғыз күресу өте қыын.

Ол Зауре Баяновнамен келісті, ол Болондық дамудың рөлі қандай екенін дұрыс сұрады. Өйткені, ББ оларды РОӘК ЖБТ ОӘБ-де талқылағаннан кейін қорытынды жасау үшін БДАҰО жібереді. Оларда ББ бағасын жүргізетін сарапшылар бар. Сондықтан жоғары білікті сарапшыларды қалыптастыру маңызды.

Е.К. Умбеткулов – БДАҰО-ның негізгі мақсаты - бұл ББ бағытының мақсаты мен нәтижелерінің сәйкестігі. Ал екінші міндеті - пәндер мазмұнының оқыту нәтижелеріне сәйкестігі. Міне, екі позиция сәйкес келуі керек: мақсаты, оқыту нәтижелері және пәндердің мазмұны. Ал әрі қарай қарау «Атамекен» тарапынан жүргізіліп, ЖОО рейтингінде көрініс табады.

С.С. Сагинтаева - Жақсы, рақмет.

Көрсетілім қоса берілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Ақпарат мәліметке алынсын.

4. ТЫНДАЛДЫ: ректор С.С. Сагинтаева, ол «Автоматтандыру және басқару» кафедрасының менгерушісі И.А. Федоренконы таныстырды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: «Автоматтандыру және басқару» кафедрасының менгерушісі И.А. Федоренко «Бекітілген бағыттар бойынша дайындықты жүзеге асыратын ЖОО арасында студенттердің Республикалық пәндік олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу» мәселесі бойынша.

Өз сөзінде ол биыл АЭжБУ-да алғаш рет «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша Республикалық пәндік олимпиада өткізу құқығына ие болғанын және өткен жылы Нұр-Сұлтан қаласында АЭжБУ студенттері бірінші, екінші және үшінші орындарға ие болғанын хабарлады. 2020 жылдың 23-24 сәуірінде «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша Республикалық пәндік олимпиада өтеді, мамандық бойынша міндетті компонентке үш пән кіреді. Қазылар алқасының құрамына «Автоматтандыру және басқару» және «Электр техникасы» кафедраларының ОПК кіреді.

Игорь Анатольевич кейбір курделі мәселелерімен бөлісті, мысалы, қалыптасқан жағдайға байланысты университеттен 21 ЖОО-ға дейін ресми хаттар жетпеген. Бірлескен күш арқылы және институт директорлары мен менгерушілерінің көмегімен кафедралар олимпиада туралы басқа ЖОО өкілдерін хабардар етіп, қатысуға келісті. Сонымен қатар олимпиаданы өткізу бойынша сұрақтар болды.

Ол олимпиаданы қабылдаудың екі нұсқасын ұсынды:

1-нұсқа – әр пән бойынша біреуден 6 сұрақтан 3 сұраққа дейін қысқарту, сондай-ақ тапсырманы орындау уақытын 1,5 сағатқа дейін қысқарту.

2-нұсқа – <https://meet.google.com> арқылы әр қатысушымен ауызша әңгімелесу және тапсырма алу.

С. Сагинтаева - 1,5 сағатқа дейін қысқарту керек пе?

С.В. Коньшин- Ол сұрақтарды екі есе қысқарту ұсынысы бойынша И.А. Федоренкомен толық келісті. Және қарсы ұсыныс ретінде балаларды ғаламтордан жауап іздеуге өз уақытын жұмсамауға ынталандыру үшін тағы 1.0 сағатқа дейін қысқартуды ұсынды, сол арқылы тапсырушылар өз ойларын ештеңенің көмегінсіз баяндай алады.

С.С. Сагинтаева - Пәндік олимпиаданы өткізудің 2-ші нұсқасы онтайлы, себебі қатысушылардың жартысы кейінге қалдырылып, мықты қатысушылар қалады. Ол қатысушы әріптестерін қашықтықтан пәндік олимпиаданы өткізу тәжірибесімен бөлісуді ұсынды.

3.Б. Ракишева - Бізде олимпиада «механика» мамандығы бойынша өтті және тек бірінші кезеңмен шектелді. И.А. Федоренконың сөзін тыңдалап, ол олимпиаданың екінші нұсқасы бойынша өз макұлдауын білдірді.

С. С. Сагинтаева - Алғысын айтып, олимпиаданы өткізуге байланысты тағы ұсыныстар бар ма, жоқ па деп сұрады.

Е. Сарсикеев- Ол мұндай жұмыстардың жүргізілгені туралы айтып, қатысушылардың теориялық дайындығы нашар болса, онда оларды іріктеуді ұсынды. Егер қатысушы 60 балдан жоғары жинамаса, ол екінші турға өтпейді.

А.А. Кибарин- Игорь Анатольевичтен іріктеу турының бірінші кезеңінде қатысушыларды тестілеу арқылы іріктеп алу мүмкіндігі туралы сұрады.

И. А. Федоренко- Олимпиаданың мақсаты білімді көрсету емес, өз шеберлігі мен дағдыларын корсету екенін еске салды.

А.А. Кибарин- Алдын ала кезең жасауды және тапсырмаларды барлық қатысушыларға тапсырмалар түрінде таратуды және осы тапсырмаларды тексеру негізінде екінші турға өткен қатысушыларды анықтауды ұсынды.

И.А. Федоренко- Олимпиаданы тестілеу түрінде өткізуе үшін кафедраның ұжымдық шешімімен бөлісті.

Көрсетілім қоса берілді.

ҚАУЛЫ ЕТТИ:

1. Барлық ЖОО-ға «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша Республикалық пәндік олимпиаданы өткізу туралы ресми хат жіберілсін.

2. Пәндік олимпиаданы өткізудің 2-нұсқасы бекітілсін (қашықтықтан + стримингтік платформалар арқылы әр қатысушымен ауызша әңгімелесу).

5. ТЫНДАЛДЫ: ректор С.С. Сагинтаева, ол Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры Д.Ж. Джексенбиновке сөз берді.

СӨЗ СӘЙЛЕДІ: Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры Д.Ж. Джексенбинов «ОӘБ бекітілген бағыттары бойынша КР жоғары оқу орындарында техникалық ғылымдар бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық конкурсын ұйымдастыру және өткізу» мәселесі бойынша.

Өз сөзінде ол «Техникалық ғылымдар және технологиялар» бөлімі бойынша республикалық ғылыми-зерттеу жұмысы туралы хабарлады.

АЭжБУ СФЗЖ бойынша базалық ЖОО ретінде құжаттарды 2-кезенге 2020 жылдың 15 наурызына дейін 5B071700, 5B100200 мамандықтары бойынша қабылдады.

Алматы қаласында ТЖ енгізілуіне байланысты білім алушының үздік ғылыми-зерттеу жұмысын анықтау бойынша комиссия жұмысы СФЗЖ жетекшілік ететін КР БФМ өкілінің ауызша рұқсатымен ұзартылды.

Казіргі уақытта АЭжБУ 2-кезең комиссиясының құрамы СФЗЖ ұсынымдарына сәйкес ағымдағы жылдың сәуір айының сонына дейін 3-кезең үшін құжаттама дайындауда жұмыс істейді.

2. АЭжБУ студенттерінің республикалық СF3Ж конкурсына арналған жұмыстары келесі жоғары оқу орындарына жіберілді:

ЖОО атауы	Мамандық атауы
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті	5B070200 – Автоматтандыру және басқару
Қазақ Ұлттық аграрлық университеті	5B081200 Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті	5B070400 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті	5B074600 Ғарыштық техника және технологиялар
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	5B070300 –Ақпараттық технологиялар
Д.Серикбаев атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті	5B071600 – Аспап жасау
Д.Серикбаев атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті	5B073100 - Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті	5B071800- Электр энергетикасы
Халықаралық ақпараттық- технологиялар университеті	5B071900 - Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар
А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік	5B060200 - Информатика

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Ақпарат мәліметке алынсын.

6 ӘРТҮРЛІ

ТЫҢДАЛДЫ: ректор С.С. Сагинтаева, ол Академиялық мәселелер департаментінің директоры Р.Р. Мухамеджановаға сөз берді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Академиялық мәселелер департаментінің директоры Р.Р. Мухамеджанова «Кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген жаңа білім беру бағдарламаларын бекіту» мәселесі бойынша.

Өз сөзінде ол бірінші баяндаманы талқылауда ПС негізінде әзірленген жаңа ББ бағыттары бойынша РОӘК ОӘБ қарауы бойынша шығарылуы тиіс екенін хабарлады. Сондыктан бүгін университеттің Ғылыми кеңесі арқылы өткен АЭжБУ-да әзірленген жаңа білім беру бағдарламаларын шығарамыз және қазір РОӘК-де ұсынылатын болады - бұл:

- «Жаңғыратын энергияның заманауи және инновациялық технологиялары» - жетекші, ЭЖЭЖК кафедрасының менгерушісі К.Т. Тергемес;
- «Энергоаудит және энергоменеджмент» - әзірлеуші, ЖЭК кафедрасының менгерушісі А.А. Кибарин;
- «Электр жылу энергиясын генерациялау жүйелерін жаңғырту және инновация» - әзірлеуші, ЖЭК кафедрасының менгерушісі А.А. Кибарин;
- «Электр энергетикалық жүйелер» - жетекші, ЭСЭЭЖ кафедрасының менгерушісі Е.К. Умбеткулов.

Р.Р. Мухамеджанова ББ әзірлеушілеріне ББ-ның мақсаттары мен міндеттері туралы және еңбек нарығының қажеттілігі, осы мамандардың болашақта жұмысқа орналасуы және ББ әзірлеу кезіндегі жұмыстың жүргізілуі туралы қысқаша айттып берулері үшін сөз берді.

А.А. Кибарин – «Электр энергетикасы және электр техникасы» бағыты бойынша екі білім беру бағдарламасын ұсынды:

Бірінші білім беру бағдарламасы - бұл «Энергоаудит және энергоменеджмент». Оның қажеттілігі энергия үнемдеу Қазақстан экономикасын дамытудың негізгі басымдықтарының бірі болып табылатындығымен байланысты. Қазақстанда энергия үнемдеу мен энергия аудитін өткізуге байланысты энергия менеджерлері мен мамандарға деген қажеттілік бар. Біздің түлектер өнеркәсіптік кәсіпорындарда да, энергетикада да жұмыс істейтін болады, онда энергия үнемдеу мәселесіне көп көnlі бөлінеді.

Екінші білім беру бағдарламасы - бұл «Электр жылу энергиясын генерациялау жүйелерін жаңғырту және инновация» - бұл жерде атауының ұзын болуына байланысты белгілі бір ескертулер болды. Бірақ, оны «Энергогенерация жүйелерінің модернизациясы мен инновациясы» деп атайды, аздап өзгертуге және кеңейтуге болады, сонда ол одан да кең

ауқымды мәселелерді қамтитын болады. Өйткені, бүгінде жабдықтарды жаңғырту және ауыстыру мәселелеріне көп көніл бөлінуде. Міне, біз «Жылу энергетикасы» жаңа ББ базалық мамандығы туралы айтатын болсак, онда негізінен жоғары оку орны энергетикалық жүйелерді пайдалану үшін кадрлар дайындайды, ал бұл ББ көптеген аспектілермен байланысты болады, яғни түлектер жаңа жабдыққа қазіргі заманғы тәсілдерді және пайдалану мәселелерін, жобалау мәселелерін біletін болады. А.А. Кибарин бұл білім беру бағдарламасы бүгінде өте талап етілетін болады деп санайды, себебі әлемдегі ең ірі энергетикалық компаниялардың (мысалы General Electric немесе Siemens) электр генерациясын жаңғырту мен инновациялаумен байланысты тұтас департаменттері бар. ББ құрылымы бойынша АЭжБУ әзірлеушілері «Электроаудит және электроменеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс берушілермен байланыс жасады. Олар бірнеше рет кездесіп, энергоаудиторлар қауымдастығымен келісіп, қолдау алды. Қорытындылап айтқанда, А.А. Кибарин бұл бағдарламалар сұранысқа ие болатынын хабарлады.

Е.К. Умбеткулов - АЭжБУ бұл мәселеге әрдайым мұқияттылықпен қарауда, сондықтан ЖОО жылдармен тексерілген «Электр энергетикасы» ББ берді, себебі «Электр энергетикасы» ББ электр энергиясын қамтамасыз етудің барлық спектрін қамтиды, бұл шағын жеке кәсіпорындардан желі мен жүйелердің ірі станцияларына дейін. Яғни Электр энергетикалық жүйелер. Сондықтан «Электр энергетикалық жүйелер» ББ ұсынады. Оның ерекшелігі неде: жоғары және жоғары кернеумен жұмыс істейтін электр энергетикалық жүйелерге арналған. Ұзақ 45 жыл ішінде АЭжБУ осы мамандарды дайындауды, бүгінгі күнге дейін дайындауда және түлектердің 67 % - ы ірі электр энергетикалық жүйелер мен желілерде, сондай-ақ станцияларда жұмыс істейді.

Көрсетілім қоса берілді.

К.Т. Тергемес - КР экономикасын дамытудың стратегиялық жоспарына сәйкес: ағымдағы 2020 жылдың сонына қарай электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі жаңартылатын энергия көздері үлесінің 3% - ы, 2025 жылы 6% - ы, 2030 жылға қарай электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі ЖЭК үлесінің 10% - ы, төмен көміртекті баламалы және ЖЭК үлесінің 50% - ы болуы тиіс.

Қазақстанның жаңартылатын энергетикасы мамандарды дайындауды аса қажет етеді, қазақстандық жоғары білім беру жүйесінде ЭЖК бойынша инженерлерді дайындайтын мамандықтар жоқ. Қазір ЖОО-ларда тек жалпы саладағы инженер-энергетиктер даярлануда.

КР ҰК 01-2017 үлттық кәсіптер сыйыптауышын талдау жаңартылатын энергетикада бірнеше тіркелген кәсіптердің атауын анықтауға мүмкіндік берді:

2151-4-001 Жаңартылатын энергия көздері жөніндегі инженер;

2151-4-002 Жаңартылатын энергия көздері саласындағы инженер-зерттеуші;

- 2151-4-003 Жаңартылатын энергия көздерін өзірлеуші инженер;
2151-2-022 Энергия тиімділігі саласындағы инженер-зерттеуші;
2151-2-023 Энергия тиімділігі бойынша инженер-өзірлеуші;
2338-2-006 Дәстүрлі емес және жаңартылатын энергия көздері бойынша оқытушы, колледж;
7413-9-004 жел электр қондырғыларын жөндеу бойынша электр слесари;

8186-0-050 Жаңа және жаңартылған энергия көзінің операторы.

Елдің түрлі өндірлерінде жаңартылатын энергия көзінің әлеуетін бағалауда, ЭЖК инженерлік жобаларын жобалауда және басқаруда, ЭЖК объектілерін энергия желісіне ықпалдастыруды, ЭЭ шығаруды болжауда, ЭЖК объектілерін диспетчерлеуде дағдылары бар ЭЖК саласында мамандар қажет.

Қазақстанда ЭЖК саласындағы мамандар өте аз, КР экономикасын дамытудың стратегиялық жоспарына сәйкес ЭЖК объектілерінің саны еңбек нарығындағы барлық жаңа жұмыс орындарын ұлғайта отырып, жылдан жылға ұлғаятын болады, бұл ЭЖК саласындағы тұлектер үшін үлкен перспектива болады.

Мысалы, АЭжБУ-да Ерейментау ЖЭС-дан болашақ тұлектерді іздестіруде өтініштер болды, бас инженер ЭЖЭЖК кафедрасының дипломдарын қорғауга қатысты және одан әрі өзінің әңгімелесуін жүргізді. Жамбыл облысында шағын ГЭС каскадын салып жатқан "КазГидро Оперэйтинг" ЖШС басшысы ресми емес түрде өз жобаларына мамандарды іздеді. Екі дипломшы жел энергетикасы бойынша жұмыс жасауда, жұмысқа орналасты, дипломдарды қорғағаннан кейін жұмысын сол жерде жалғастырады.

АЭжБУ осы білім беру бағдарламасы бойынша ОПҚ-ның материалдық-техникалық базалары мен кадрлары бойынша оқытуға мүмкіндігі бар.

ЭЖЭЖК кафедрасында ЭЖК саласында жұмыс тәжірибесі бар ОПҚ құрамы бар. Н. Н. Арыстанов Қапшағай КЭС және Лепси-2 кіші КЭС сияқты жаңартылатын энергия көздері объектілерінің жобасына қатысты. А.М. Солтанаев Қазақстан Республикасында жаңартылатын энергия көздерін (оның ішінде шағын гидравликалық электр станциялары мен биогаз қондырғылары) пайдаланатын энергетика объектілерін өзірлеумен, енгізумен және пайдаланумен айналысадын «Энергия Әлемі» ЖШС жобалау инженері болып жарты мөлшерлемеде жұмыс істейді. Профессор А.В. Болотов бұл бағытта бұрыннан жұмыс істеп келеді және мамандар мойындаған жеке өзірлемелері бар, ал доценттер Р.М. Нигматуллин, И.В. Казанина, М.Ж. Жантурин бакалаврларға да, магистранттарға да ЭЖК бойынша сабактар жүргізуде.

АЭжБУ ЭЖЭЖК кафедрасында жел және күн энергетикасы саласындағы ЭЖК саласында жабдықталған зертханалары бар. ЮСАИД-тің ОПҚ біліктілігін арттыруға және 12500\$ сомасына ЭЖК жабдықтары бар ЭЖК жарақтандыруға көмегін ерекше атап өту қажет.

Жаңартылатын энергетика саласындағы білім беру бағдарламасы бәсекеге қабілеттілігі мен орнықтылығына ықпал ете отырып, елдегі дамушы салалардың жаңартылатын энергия көздері секторындағы қажеттіліктерінің кең спектрі үшін тиісті дағдылары бар кадр ресурстарын дайындауда бағытталған.

Білім беру бағдарламасы энергетика саласындағы университеттің басым жақтарына негізделген және Электр энергетика және электр техника институтының мол тәжірибесіне, дағдылары мен инфрақұрылымына сүйенеді.

Жаңартылатын энергиядағы магистратура жаңартылатын энергетика бакалавриаты үшін жалғасы болады, бірақ қазіргі кезде еңбек нарығында «осында және қазір» ЭЖК мамандары қажет болған жағдайда, бұл «Электр энергетикасы» мамандығының түлектері үшін толық жоғары білім алуға және жаңартылатын энергия бойынша магистр дәрежесін алуға үлкен мүмкіндік болады, бұл олардың алдағы мансабының болашағы болады. АЭжБУ-де 2017-2019 жылдары магистратура үшін гранттар бөлінді, онда магистранттар өздері тандаған ЭЖК бағытында оқиды және оқитын болады, бұл ЭЖК саласындағы магистратура жеке болуға және оку үшін магистранттарды жинауға қабілетті екенін көрсетеді.

Т.О. Чигамбаев - Наурыз айында «ЭР» кафедрасынан Түркияда Стамбул қаласында өткен Робототехника бойынша аймақтық чемпионатта топ өнер көрсетіп, 50 командадан 15-ші орынға ие болды, әрі бұл чемпионат бірінші рет болып тұр.

Ол «Робототехникалық жүйелер» және «Электрондық инженерия» білім беру бағдарламалары жұмыс берушілермен («Сайман» аспап жасау компаниясы және «Siemens» ЖШС) кеңесте талқыланғанын және әзірлеу кезінде қолдау алғанын хабарлады.

Р.Р. Мухамеджанова – Сондай-ақ ЖОО докторантурасында үшін жаңа ББ – «Электр жүйелері», «Энергетикадағы IT», «IT саралтау және бизнес үдерістер» және «Автоматтандыру және басқару» дайындауды. Қазір ЖОО хат дайындалған, бағыттар бойынша тиісті РОӘК жіберуге дайын :

ҚАУЛЫ ЕТТИ: Жүзеге асыру үшін аталған ББ ұсынылсын:

- «Жаңғырлатын энергияның заманауи және инновациялық технологиялары»;
- «Энергоаудит және энергоменеджмент»;
- «Электр жылу энергиясын генерациялау жүйелерін жаңғырту және инновация»;
- «Электр энергетикалық жүйелер»;
- «Электр жүйелері»;
- «Энергетикадағы IT»;
- «IT саралтау және бизнес үдерістер»;
- «Автоматтандыру және басқару».

ТЫНДАЛДЫ: Академиялық қызмет жөніндегі проректор С.В. Коньшин, ол АЭжБУ базасында РОӘК ОӘБ құрамына кандидатураларды енгізу туралы әртүрлі ЖОО-дан хаттар келіп түскенін хабарлады.

Ол ЖОО атауларын тізіп өтті - бұл: Astana IT University, ҚазҰАУ, Нұр-Сұлтан қ. Л. Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, М. Тынышбаев атындағы ҚазККА, С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, Семей қаласының Шекерім атындағы мемлекеттік университеті, Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Аталған ЖОО кандидатуралары АЭжБУ базасында РОӘК ОӘБ құрамына енгізілсін.

РОӘК ОӘБ төрайымы

РОӘК ОӘБ хатшысы



С. Сагинтаева

А. Нуртаева